ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ
(қысқаша)

2025 жылғы 25 тамыз № 5501-25-00-2/1941 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья А.Т. Ищанов онайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАПКЕР:
Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Павлодар машина жасау колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Бектұров» Суат Бексұлтан Ринатұлы жеке кәсіпкері

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:

1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысуш деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

ҚР АПК-нің 109, 267-2 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Павлодар машина жасау колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны «Бектұров» Суат Бексұлтан Ринатұлы жеке кәсіпкеріне сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Бектұров» Суат Бексұлтан Ринатұлы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып танылсын.

Павлодар облысының әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Павлодар машина жасау колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнның пайдасына «Бектұров» Суат Бексұлтан Ринатұлы жеке кәсіпкеріне 11 370 (он бір мың үш жүз жетпіс) тенге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алсын

сондай-ақ 342 (үш жүз қырық екі) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж төлеу шығыстарын өндіріп алу.

«Бектұров» Суат Бексұлтан Ринатұлы мемлекет кірісіне мемлекеттік баж 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімнің күшін жою туралы өтініш осы баптың екінші бөлігінде көзделген талаптар ескеріле отырып, осы Кодекстің 21-тарауында белгіленген ережелер бойынша қаралады.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья

Ищанов А.Т.

Көшірме дұрыс:
Судья
Ищанов А.Т.
Анықтама: шешім 2025 жылғы «14» қазанда күшіне енді.
Судья
Ищанов А.Т.

Қолтаңбасының Ищанов А.Т. 25.08.2025

5581-25-3-1/2196